

Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің материалдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері

Адилхайр Е. Мырзаханов

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Корреспонденция үшін автор

E-mail: 87080077500@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-6430-7066>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-61-75>

Аңдатпа. Саяси қуғын-сүргін тарихының мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың шешімі бойынша құрылған мемлекеттік комиссия қызметінің аясында өзекті және маңызды тақырып болып табылады. Автор ұсынған тақырыптың өзектілігі оның қайта құру кезеңінің қалыптасу кезеңдерін және ақтау процесінің басталуын, КСРО-дағы мұрағаттық революцияны талдауға жүгіну тұрғысынан сөзсіз. Зерттеу мақсаты-Қазақстан Республикасы Ұлттық мұрағатының қорларында анықталған саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту тарихы бойынша дереккөздерді талдау. Автор ашқан мұрағат материалдары Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалтудың мемлекеттік саясатын қалыптастыру мәселелерін, атап айтқанда 80 – ші ғасырдың аяғы-XXI ғасырдың басын ашады. 1988 жылы қуғын-сүргін құрбандарын оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссияның құрылуымен басталған оңалтудың бірінші кезеңіне ерекше назар аударылды. Автор Мемлекеттік комиссия қызметінің құқықтық саласына және жобаны талқылау, «жаптай қуғын-сүргін құрбандарын оңалту туралы» заңды қабылдау және қолданысқа енгізу тарихына назар аударды.

Жалпы, мақалада XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру барысында түрлі іс-шаралар ұсынылған. Мұрағаттық деректер негізінде автор саяси қуғын-сүргін құрбандарын оңалту барысын және статистикалық материалдарды көрсетеді.

Түйін сөздер: репрессия; ұжымдастыру; қуғын-сүргін; саясат; заң; ақтау; архив; жарлық; мемлекет; тарих.

Received 25.12.2022. Revised 27.12.2022. Accepted 15.02.2023. Available online 30.03.2023.

For citation:

Myrzakhanov A.E. Issues of rehabilitation of victims of political repression in the materials of the National Archive of the Republic of Kazakhstan // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 142. – No.1. – P. 61-75. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-142-1-61-75

Для цитирования:

Мырзаханов А. Вопросы реабилитации жертв политических репрессий на материалах Национального архива Республики Казахстан // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 142. – №. 1. – С. 61-75. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-142-1-61-75

Кіріспе

Саяси қуғын-сүргін большевиктер билікке келгеннен кейін бірден басталып, XX ғасырдың 70-ші жылдарының соңына дейін жалғасты. Өз саясатын жүргізу үшін Кеңес мемлекеті - ВЧК - ГПУ - ОГПУ – НКВД-ны құрды. Репрессиялық саясаттағы маңызды орын соттарға, прокуратураға, жазаны орындайтын органдарға, сондай - ақ соттан тыс органдарға тиесілі болды. Бұл процеске аз дәрежеде милиция қатысты, өйткені ол көмекші рөл атқарды және аталған органдардың көмекшісі болды. Саяси қуғын-сүргінге қоғамның барлық әлеуметтік топтары, кәсіптері, әр түрлі жастағы ұлттар мен діндердің өкілдері кірді.

«Репрессия» ұғымы (ерте лат. гергеБзю – басу, жаншу) жазалау шарасы, жаза деп түсініледі (Ковалев, 1979: 1132). «Большая юридическая энциклопедия» сөздігінде «репрессия» ұғымы жазалау шарасы, мемлекеттік органдар қолданатын жаза ретінде түсіндіріледі (Барихин, 2005: 817).

Бұрынғы КСРО одақтас республикаларының, қазіргі уақытта тәуелсіз мемлекеттердің ақтау туралы заңнамасында «саяси қуғын-сүргін» ұғымы әр түрлі анықталған.

Алайда, осы ұғымның неғұрлым толық және нақты анықтамасы Қазақстан Республикасының Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Заңында беріледі (https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930002200_). Онда былай делінген «Осы Заңда саяси қуғын-сүргіндер ретінде мемлекеттік органдар немесе олардың өкілі болып табылатын лауазымды адамдары саяси себептер бойынша күзетпен қамауға алуды және психиатриялық мекемелерде күштеп емдеуді қоса алғанда өмірін жою немесе бас бостандығынан айыру, елден қуып жіберу және азаматтығынан айыру, өмір сүрген жерлерінен немесе мекенді аудандарынан аластау (айдау немесе жер аудару), арнайы қоныс аударуға жіберу, бостандығын шектей отырып ықтиярсыз еңбекке тарту түрінде (соның ішінде «еңбек армияларында», «ішкі

істер халық комиссариатының жұмысшы колонналарында» деп аталатындарға) жүзеге асырылатын көндіру шаралары, сондай-ақ қылмыс жасағаны үшін нақақтан айыптаумен, не саяси сенімдерінің белгілеріне, таптық, әлеуметтік, ұлттық, діни немесе басқа тегіне қарап, сот, соттан тыс не әкімшілік тәртібінде әлеуметтік қауіпті адамдар ретінде қудалаумен ұштасқан басқа да құқықтары мен бостандығынан айыру немесе шектеу танылады».

Жалпы, Қазақстандағы Кеңес өкіметінің 30-шы жылдардағы қасірет туралы ақиқатты қазақстандық тарихшылар 1980-ші жылдардың аяғы мен 1990 – шы жылдардың басынан бастап жаңа және тың архив деректері негізінде әзірлей бастады.

Осы жылдарда мемлекет тарапынан да шаралар қолға алына бастады. Қазақстанда 1988 жылы қоғамдық қысым әсерінен Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті жанынан тоталитарлық жүйенің құрбаны болған қазақ мәдениеті мен ғылымының көрнекті қайраткерлерінің шығармашылық мұрасын қайта қарау үшін құрылған комиссия шешімдері жарық көрді (Казахстанская правда, 1988). Ал 1989 жылы 16 қыркүйектегі КСРО Жоғары Кеңесі Президумының «30-40,50-жылдар басындағы кезеңде орын алған репрессия құрбандарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру туралы қосымша шаралар туралы» жарлыққа сай, Ресейде миллионға жуық қылмыстық істер қайта қаралды және 1073750 адам ақталды (Весновская, 2004: №3).

1989 жылы 14 қарашада «Күштеп қоныс аударуға ұшыраған халықтарға қарсы репрессивті актілерді заңсыз және қылмыстық деп мойындау және олардың құқықтарын қамтамасыз ету» КСРО Жоғары кеңесі Декларациясы жарияланды (Жұмашев, Михеева, 2007: 241). Құжатта саяси репрессия барлық республикаларда жүргізілгені, жаппай қамау лагерлерде, қоныс аударылған аймақтардағы халықтардың жағдайы айтылады. Сонымен қатар, репрессияға ұшыраған барлық кеңес халқының құқықтарын қалпына келтіру үшін заңдық шаралар қабылдау қажетті екенін көрсетеді.

Осы кезде құрылған Мемлекеттік комиссиялар мен қабылданған нормативтік-құқықтық актілер тақырыпты зерттеуге тарихшыларға мүмкіндіктер ашып берді.

Қазақстандағы жаппай саяси репрессия қасіреті туралы алғашқылардың бірі болып 1989 жылы «Вопросы истории» ғылыми журналында жарияланған мақалаларында тарихшылар М.Қ. Қозыбаев, Ж.Б. Әбілғожин және демограф М.Б. Тәтімов жазды (Әбілғожин, Қозыбаев, Тәтімов, 1989: 53-71). КСРО-да және шетелде танымал тарихи журналдағы осы жарияланымның арқасында 30-жылдардағы қазақ халқының қасіреті туралы нақты және тарихи сенімді фактілер бүкіл әлемге белгілі болды.

Елде жаппай саяси репрессиялар тақырыбына байланысты ғылыми конференциялар өткізіліп, «Азалы кітаптар» дайындала бастады. Азалы кітаптарды шығарудың мақсаты 20 ғасырдың жаппай қуғын-сүргін кезеңіндегі саяси айыппен атылғандар тізімі жариялау, көрсету болды. 1996 жылы «Азалы кітаптың» бірінші томы шығарылды, оған Алматы қаласы және Алматы облысында атылған азаматтардың тізімі кірді (Қозыбаев, 2000: 28). Қазақстанда бұл мақсатта Ұлттық Ғылым Академиясы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, «Әділет» қоғамы жұмыс істеді. Бүгінгі күні осы бастама негізінде Қазақстанда 14 «Азалы кітап» («Книга скорби») жасалынды. Оның ішінде, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызыл-Орда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша кітаптар шығарылды. Қазақстан бойынша 146 400-ге жуық репрессияға ұшыраған есімдері анықталды (Кириллов, 2002: 4-5). Кейін саяси репрессиялардың ақталған құрбандарының тізімі халықаралық «Мемориал» қорының базасына енгізілді, осылайша тұтас мәліметтер базасын құрады.

Бұл шаралардың ұйымдастырылуына «Әділет» қоғамы мен академик М.Қ. Қозыбаев басқарған Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты ерекше үлес

қосты. Олар репрессия құрбандарын жаппай жерлеген орындарды анықтады.

1995 жылы ақпанда «Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру және саяси репрессиялар» атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді. 1996 жылы қазанда конференция материалдары мен саяси репрессия құрбандары естеліктері «Народ не безмолвствует» (Нұрпейісов, 1996: 315) деген атпен жеке кітап болып басылып шықты. Аталған конференциялар тақырыптың зерттелуінің бастамасына айналды, кейін тақырыпты зерттеу көлемді түрде жүргізіле бастады.

Сондай-ақ, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің арнайы комиссиясы жүргізген Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен ашаршылық туралы тарихи шындықты, тұтастай алғанда XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңестік тоталитарлық режимнің саяси қуғын-сүргін көрінісін қалпына келтіру жөніндегі орасан зор жұмыстың маңыздылығын атап өткен жөн.

Саяси репрессия құрбандарына мемлекет тарапынан жүргізілген маңызды қадамдардың бірі қуғын-сүргін құрбандарына тұрғызылған мемориалдар болды. Алғашқылардың бірі болып 1989 жылы Ақмола облысы Целиноград ауданы Малиновка ауылында репрессия құрбандарын еске алуға арналған «Мемориал» кешені құрылды (АОМА, 2647-қ, 60-іс, 38-п.). Осы жерде неміс арнайы қоныс аударушыларының ұрпағы И. Шарфтың ұйымдастыруымен «Отанын сатқандар» әйелдеріне арналған Кеңес Одағындағы алғашқы ескерткіш те қойылды. 1990 жылдың 29 қыркүйегінде Ақтөбе облысының Ақтөбе-Орск темір жолының 20 шақырымында Түйетөбе деген жерде 30-50 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш орнатылды. Ол облыстық және қалалық атқару комитеттерінің бастамасымен халық қаражатына тұрғызылды. Жерлеу орындарында белгілер, ескерткіштер орнатылды. Мысалға, 1993 жылғы Балқаш қаласындағы әскери тұтқындар лагеріндегі латыш тұтқындары жерленген жерге естелік крест, 1996 жылғы Форт-Шевченко қаласында,

1997 жылғы Жаңаөзен қаласында саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіштер тұрғызыла бастады. 1997 жылы 6 маусымда Астана қаласында Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған Мемориал бой көтерді. 2000 жылы Қарағанды лагерінің Спасск бөлімшесінде қаза болғандарды еске алуға қойылған кресттер (Долинка кенті (Қарағанды-Шахтинск тас жолының 33-ші шақырымы). Сондай-ақ, 2002 жылғы 31 мамырда Алматы облысы, Талғар ауданы, Жаңалық ауылында тұрғызылған 1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткішті атап өтуге болады. Кейінгі жылдарда бұл үрдіс күшейе бастады, ескерткіштер республиканың көптеген аймақтарында қойылды.

Бұл іс-шаралар қазақстандықтар үшін саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу аса маңызды болғанын көрсетеді.

Мәселе

Бүгінгі таңда Кеңестер Одағындағы саяси қуғын-сүргін мәселесін бүкіл әлемнің тарихшылары зерттейді. Ендігі кезеңде тоталитарлық мемлекет тарихының беттерін терең ашу қажеттілігі туындап отыр. Бұл үшін саяси қуғын-сүргіндермен байланысты тарихи дереккөздерді жан-жақты зерттеу қажет. Көптеген тарихи еңбектер, архив деректерінің жинақтары бар, бірақ осы тақырыптағы дереккөздерді кешенді зерттеу оны одан да тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Архивтік деректер тоталитарлық мемлекеттің адам құқықтарын бұзудағы қылмыстарының барлық ақиқаты мен қасіретті тұстарын ашуға және оның құрбандарын жаппай ақтауға мүмкіндік береді. Бұл үшін қазақстандық археографияны дұрыс бағытта жүргізу қажет және дереккөздерді құпиясыздандыру арқылы материалдарды ғылыми айналымға енгізіп, зерттеушілерге тыйым салынған материалдарға қол жетімділікті қамтамасыз ету керек.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары саяси-қуғын сүргін құрбандарын ақтау мәселесі қолға алынып, нәтижесінде 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін

құрбандарын ақтау туралы» Заң қабылданды. Алайда кейбір ғалымдардың пікірінше бұл заңның кейбір баптары керісінше қуғын-сүргін құрбандарын ақтауды шектейді. Яғни, Заң жобасын талқылау, қабылдау барысында саяси қуғын-сүргінге қатысты қазақстандық ерекшелік ескерілмеген. М. Қойгелдиев, С. Қасымов, Б. Аяған, З. Қабылдинов сынды ғалымдардың айтуынша, Қазақстандағы ақталуға жататын 20-дан астам санаттағы адамдардың іс жүзінде 4-5 санаты ғана ақталған. Бұл туралы саяси-қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша жасалған тұжырымдамада жазады. Заңның қалған санаттағы адамдарды ақтауға қауқарсыз екендігін көрсетеді деп айтуға болады.

Мақсаты мен міндеті

Зерттеудің мақсаты саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша жүргізілген мемлекеттік саясаттың кезеңдерін ҚР Ұлттық архиві материалды негізінде көрсету. Ақтауға байланысты өзекті мәселелерді және оларды шешуге болатын жаңа басым міндеттерді анықтау. Аталған мақсатқа жету үшін 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының заңын талқылау болып табылады.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізі саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау процесін ҚР Ұлттық архиві материалды негізінде талдау болды. Мақаланың негізгі әдіснамалық принциптер: объективтілік, жан-жақтылық, тарихилық, пәнаралық байланыс. Зерттеудің негізін құрайтын материалдар хронологиялық оқиғаларды, құқықтық нысандардың мазмұнын ескере отырып зерттелді және талданды. Зерттеудің әдіснамалық базасы танымның заманауи әдістері, функционалды тәсіл, талдау, синтез және аксиологиялық әдістерден тұрды. Сондай-ақ бірқатар арнайы әдістер қолданылды: салыстырмалы-құқықтық, статистикалық, жүйелік, тарихи-құқықтық, логикалық-құқықтық және т. б.

Саяси репрессия, репрессия құрбандарын ақтау мәселесі тарих ғылымында ғана емес, сонымен қатар, заңтану, саясаттану ғылымдарына да тән өзекті тақырып болып табылады. Себебі, кез-келген қоғамдық саяси үдеріс ол нормативті-құқықтық құжаттардың ілесуімен жүзеге асырылады. Ал біз қарастырып отырған кезең қазіргі таңда ғылымда және қоғамда қазақтың қасіретті тарих беттеріне айналып кетті. Сондықтан, мақала осы үш ғылым саласы арасындағы пәнаралық байланыстарды қолдана отырып жазылды. Талдау барысында саяси репрессия мәселесіне қатысты архив қорларына және ондағы архив деректері жекелей қарастырылды. Дерек болып табылатын нормативтік құжаттардың жобалық нұсқа сатысынан бастап, оның әр түрлі деңгейде талқылануы, қабылдануы және қолданысқа ену үдерістеріне талдау және салыстырмалы талдау жүргізілді. Сонымен қатар, мақала жазу барысында хронологияның сақталуы құжаттарды ашуда реттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Талқылау

Кеңестік саяси репрессия құрбандарын ақтау тарихының құжаттары Қазақстан Республикасы Ұлттық архивіне сақталған. Ұлттық архивте сақталатын құжаттардың негізгі бөлігі Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде құрылуы мен дамуы кезеңіне жатады. Нақтылап айтқанда, архив құжаттары 1991 жылдан басталады. Алайда, саяси-қуғын сүргін құрбандарын ақтау деректері бойынша құжаттық жинақтар жарық көрген жоқ. Оның бір себебі, тақырып бойынша құжаттардың аздығы. Тек, 2011 жылы Тәуелсіздіктің 20-жылдығына орай Ұлттық архивте сақталған құжаттардың атаулары мен тізімі берілген «Хроника Независимости Республики Казахстан: События и факты (1991-2011)» (Әбсеметов, 2011: 757) атты анықтамалық кітап шықты.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты Қазақстандағы ақтау саясаты тәуелсіздік жылдарында, яғни 1991 жылы 12

қарашада Жоғарғы Кеңес Президиумының арнайы комиссиясы құрылуынан басталды, оның құрамына көрнекті ғалымдар, қоғам қайраткерлері және құқық қорғау органдарының басшылары кірді. Комиссия 1992 жылдың қарашасына дейін жұмыс істеді (ҚРҰА. 2-қ. 1-т. 98-іс, 89-114-пп.).

Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіндегі саяси репрессияларға байланысты мемлекеттік дәрежедегі алғашқы құжаттардың бірі осы комиссия деректері болып табылады. Бұл «Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен ҚАКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарын тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы» және 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жапшай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі қорытындылары мен ұсыныстары туралы» 1992 жылғы 7 желтоқсандағы Жоғарғы Кеңес Президиумының қаулысы болып табылады.

Бұл республикалық және ведомстволық архивтердің материалдарын, сот және соттан тыс органдар материалдарын, статистикалық деректемелерді, мерзімді баспасөзді, сол оқиғаларға куә болғандардың айғақтарын зерттей келе жасаған комиссияның қорытындысы мен ұсыныстары болып табылады.

Жиналған деректемелерді зерттей келе, комиссия енгізген ұсыныстарды талдап өтейік: 1928-1932 жылдары тәркілеу, ұжымдастыру, отырықшыландыру және басқа да мәселелер бойынша қабылданған қаулылар мен актілер заңсыз әрі халыққа қарсы қаулылар мен актілер ретінде күші жойылды; Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп отырып, ғылыми таным қалыптастырған жаңа теориялық-тұғырнамалық және зерттеушілік көзқарастар негізінде оқулықтар,

бағдарламалар және басқа да әдістемелік әдебиеттер даярлауды жүзеге асыру; Комиссия Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің алдағы 9-ыншы сессиясынан, Конституциялық комиссиядан тәуелсіз де егеменді Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдай, құқықтық - демократиялық мемлекет негізін қалай отырып, әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі тарихи борышын өтеуді, атап айтқанда Конституция жобасының «Мемлекеттің негізгі міндеттері» деген 11-тарауында 62-баптың соңғы азатжолының алдынан: «жаппай саяси жазалау, ізгілікке қарсы күштеу шаралары мен қуғындау құрбандары болған, енді атажұртына оралып жатқан отандастардың, олардың ұрпақтарының, сондай-ақ кемсіту, қысым жасау және қуу салдарынан басқа мемлекеттерден Қазақстанға қашуға мәжбүр болған қазақ жұртшылығының жайласуына жалпы танылған халықаралық қағидаларға сәйкес жан-жақты көмек көрсету».

ҚР Ұлттық архивта саяси репрессия құрбандарын ақтауға қатысты құжаттары бар келесідей қорларды атап өтуге болады: «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі»; «Қазақстан Республикасы Премьер министрінің Кеңесі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты)»; «Қазақстан Республикасының Жоғары төрелік соты»; «Қазақстан Республикасының шетелдермен достастық және мәдени байланыстар қоғамы», «Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты» мекемелерінің құжаттары. Бұл мекемелер тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында заң шығарушы және атқарушы биліктің тармақтары болды, кейбірі қоғамдағы байланыстарды күшейтуде үлес қосты.

1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы еліміздегі ақтау саясатының тағы бір кезеңін көрсетеді. Аталған заңның түпнұсқасы Қазақстан Республикасының Ұлттық архивінде сақталған (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 267-іс. 70-94-пп.).

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының қиындықтарына қарамастан, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңды қабылдады. Заңда «жаппай саяси қуғын-сүргіндерге ұшыраған адамдарға қатысты әділеттілікті қалпына келтіру, осы қуғын-сүргіндердің барлық құрбандарын ақтау, оларға келтірілген моральдық және материалдық залалды қазіргі уақытта барынша ықтимал өтеуді қамтамасыз ету мақсатында жасалды, бұрынғы КСРО аумағында саяси қуғын-сүргіндерге тікелей ұшыраған және қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын барлық адамдарға қолданылады» делінді.

Ақталуға саяси айыптар бойынша қуғын-сүргінге ұшыраған, жалған жала жабылған, өмірден өткен азаматтар, «арнайы қоныс аударушылар», «еңбек әскерлерінің» жұмысшылары, Қазақстанға жер аударылған халықтар және т.б. үміткер бола алады. Аталған Заң тарауларының басым бөлігі 1991 жылғы 18 қазандағы Ресей Федерациясының «О реабилитации жертв политических репрессий» заңына ұқсас, аса ерекшеліктер көрініс таппаған. Құжаттың басты кемшілігі құрбандар шеңберін шектеу болды. Сондықтан да, 2022 жылғы 7 сәуірде өткен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында осы Заңды жетілдіру, қажетті баптарға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар енгізілді.

1993 жылғы 14 сәуірде «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының қабылдануы, талқылануы және мемлекеттік органдардың Заң жобасына қатысты ұсыныстары Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорларында сақталған.

Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңы өзіндік тарихқа ие. Заңның қабылданғанына бір жыл толмай жатып Қазақстан Республикасы Президентінің

20.03.94 жылғы №1612 Жарлығымен оның қолданылуы 1997 жылғы 1 сәуірге дейін 3 жылға ішінара тоқтатылған болатын (Жеңілдіктер мен өтемақы төлемдерін ретке келтіру шаралары туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы № 1612 Жарлығы, URL https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1002858). Тарихи құжаттарды талдай келе, енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды анықтай алдық. 1993 жылдан 2021 жылға дейін 12 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілген. Бұл тарихи құжаттың ең көп талқылауда болғанын және қоғамның назарын өзіне аударғанын көрсетеді. Ол түсінікті еді, себебі Тәуелсіз Қазақстан үшін сталинизмді айыптау аса қажетті, күн тәртібіндегі мәселелердің бірі болды.

1993 жылдың 14 сәуіріндегі Қазақстан Республикасының «Жаппай саяси репрессия құрбандарын ақтау туралы» Заңын жүзеге асыру барысында Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғалымдары үлкен жұмыс істеді. «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының басшылығы мен белсенділерімен бірге және республика ҰҚК басшылығының көмегімен ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізілді, сталинизм кезеңіндегі жаппай саяси репрессиялар құрбандарының тізімі алынды. Жекелеген құжаттар, оның ішінде жаппай саяси репрессияны жүргізу үшін негіз болған Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен бұрынғы өлкелік комитеті және БКП(б) Орталық комитеті қаулысы құпиясыздандырылды, жарық көрді (Қозыбаев, 2000: 28). Көріп отырғанымыздай, Заңның жариялануы кеңестік тарихнаманы өзгертуге, Отан тарихында жаңа тұжырымдамаларды жасауға мүмкіндіктер берді.

Жалпы, Заң қазақстандық саяси репрессия құрбандарын ақтауға үлкен әсер етті. Аталған Заң қабылданғаннан кейін республика прокуратурасы қылмыстық істерді қайта қарап, ол бойынша 1997 жылы 10 938 іс бойынша 2 415 адам ақталды (Год общенационального согласия и памяти жертв

политических репрессий, 1998: 412-414). Бірақ бұл алғашқы жылдардағы статистика ғана, аталған үдеріс ұзақ жылдарға созылды.

Әрі қарай Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қорындағы деректерді талдайық. 1992 жылғы 15-16 қазандағы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумы отырысының күн тәртібіне қойылған 4-ші мәселе «Жаппай саяси-қуғын сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын талқылау (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 1-п.) болды.

Аталған Заң жобасын Қазақстан Республикасы Мемлекет және құқық институтының академик М.Т. Баймаханов бастаған белгілі заңгер ғалымдары және «Әділет» тарихи-ағартушы қоғамы қызметкерлері дайындаған болатын.

Талқылау бойынша баяндаманы Депутаттық өкілеттіктер мен адам құқықтары мәселелері бойынша Комитет төрағасының орынбасары В.И. Воронов жасады. Нәтижесінде, Жоғарғы Кеңес Төралқасы «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мәжілісінде айтылған ескертпелер мен ұсыныстарды ескере отырып, Жоғарғы Кеңестің тоғызыншы сессиясының қарауына енгізетін болды. Осы Заң жобасы бойынша сессияда баяндама жасау жұмыс тобының жетекшісі, Депутаттық өкілеттік мәселелері және адам құқықтары жөніндегі комитет төрағасының орынбасары В.И. Вороновқа тапсырылсын деп қаулы етілді (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 148-п.).

Сонымен бірге архивта «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу туралы Жоғарғы Кеңес қаулысының жобасы да бар. Қаулы жобасына көрсетілген: «1.«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 22-бапты қоспағанда, 1993 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілсін. 2. Осы Заңның 22-бабы 1993 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілсін. 3. Азаматтардың шынайы ақпарат

алуға заңды құқығын ескере отырып, ҚР Президентіне жапшай қуғын-сүргін мен адам құқығына қол сұғуға негіз болған заңнамалық актілерді, үкіметтік, партиялық және басқа да органдардың шешімдерін, сондай-ақ ведомстволық актілерді құпиясыздандыру жөнінде қажетті шаралар қабылдауды ұсыну.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті осы Заң күшіне енгенге дейін: а) осы Заңның 24-бабында көзделген куәліктің үлгісі бекітілсін, жергілікті атқарушы өкімет органдарын қажетті мөлшерде куәліктермен қамтамасыз ету шаралары қабылдансын; б) осы Заңның 24-бабында көрсетілген жеңілдіктерді беру және оларды өтеуге байланысты шығындарды республикалық бюджет қаражатынан өтеу тәртібі айқындалсын; в) министрліктер мен ведомстволардың осы заңға қайшы келетін нормативтік актілерін қайта қарау қамтамасыз етілсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1993 жылғы 1 сәуірге дейін осы Заңның 22-бабында көзделген ақшалай өтемақы төлеу тәртібін айқындасын.

6. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңес Президиумы бір ай мерзімде саяси репрессия құрбандарын ақтау бойынша Комиссия құрсын, деп қаулы етілген (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 150-157-пп.). Қаулыда өтемақы төлеу мәселесін көздейтін Заңның 22 бабы туралы жиі айтылады. Себебі, өтемақы төлеу маңызды әрі күрделі мәселе болды. Оны жүзеге асырудың нақты механизмі қаралмағандықтан көптеген қиындықтар туындады. Өтемақыны төлеуді жүргізетін мекеме қызметкерлері қандай тәртіппен жүргізілетіндігін білмеу салдарынан, өздеріне жүгінген адамдарды басқа мемлекеттік органдар мен мекемелерге негізсіз жолдауға мәжбүр болды. Бұл туралы Заңсыз репрессиялар құрбандарының ассоциациясы басқарма төрағасы В.М. Гриневтың ҚР Президент ісі басқарамасына жазған хатында 22 бапқа сәйкес төленетін өтемақының дұрыс жүргізілмейтіндігін, сондай-ақ, жәрдемақы, репрессия құрбандарының санатына қатысты мәселелердегі өрескел кемшіліктер мен заң бұзушылықтарды мысалдар келтіре отырып жазады (ҚРПА, 148Н-қ. 1-т. 285-іс).

ҚР Ұлттық архивінде Заңның талқылануы туралы басқа да кешенді құжаттар жинақталған. Осы құжаттарды талқылауға көшейік.

Ең маңызды құжат, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Әлеуметтік қорғау коалициясы осы Заңға қатысты жазған өтініші және ашық хаты. Өтініште: «Әлеуметтік қорғау коалициясы саяси себептер бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандардың үндеуін қолдайды және Қазақстан Республикасында саяси-қуғын сүргін құрбандарын ақтау туралы заң қабылдау және ақталған адамдарды Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестіру қажет деп санайды» деп жазады. Өтінішке социал-демократиялық партия, «Азат» ҚАҚ, Қазақстанның республикалық партиясы, демократиялық прогресс партиясы, жұмысшылар қозғалысы, «Қайрат» АҚ, жастар одағы, «Бірлесу» республикалық кәсіподағы, социалистік партия, Қазақстанның тәуелсіз кәсіби орталығы, «Табиғат» экоодағы, халықтық конгресс партиясы, «Бірлік», «Невада-Семей», Хельсиндік топ, репрессияланғандар ассоциациясы секілді жиырмаға жуық саяси партиялар, ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктері қол қойған.

Коалицияның жазған ашық хатында: «Бізге тәуелсіз жағдайлардың күшімен біз Отан соғысының шайқастарына тікелей қатыспадық, алайда 30-50 градусық аязда, 12-14 сағаттық жұмыс күнінде ГУЛАГ лагерлерінде ақысыз жұмыс істей отырып, майдан мен халық шаруашылығын көмірмен, темірмен, алтынмен және басқалармен қамтамасыз еттік. Біз жеңіске толыққанды үлесімізді қостық және майданмен салыстырғанда, сталиндік қабырғаларда қорланғаннан көрі, майданда өлу жеңіл және абырой еді» деп жазады. Сондай-ақ, 1990 жылғы 18 қыркүйектегі «30-40 және 50 жылдардағы заңсыз қуғын-сүргіндерден зардап шеккен, ақталған азаматтарға көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы» Президент жарлығына ризашылығымыз мол, алайда жарлықта моральдық залал үшін өтемақы қарастырылмаған және тек ішінара

материалдық өтемақы беріледі деп, Заң жобасы бойынша өз ұсыныстарын білдірген. Ашық хатта келтірілген мәліметке қарағанда, 1992 жылғы жағдай бойынша Қазақстанда репрессияға ұшыраған, көзі тірі, адамдар саны бар жоғы 2500 адам, Алматы қаласында 350 адамдай ғана болған (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 226-227 пп.). Қазіргі таңда арамызда жүрген репрессияға ұшыраған адамдар саны одан да аз, тіптен жоқтың қасы екендігі сөзсіз. Бар болған күннің өзінде де егде жасқа келген, өз бетімен өтемақы алу үшін құжаттар жинап, тапсыруға мүмкіндіктері жоқ. Олай болса, репрессия құрбандарының өтемақы алу мәселесін қайта қарастыру орынды болар ма еді? деген сұрақ туындайды.

ҚР Жоғарғы Кеңесінің Халық депутаттары кеңестері, басқаруды және өзін-өзі басқаруды дамыту жұмысы мәселелері жөніндегі Комитеттің Заң жобасына қатысты ұсынысына сәйкес, 14 және 15-баптардың ережелеріндегі қайшылықтарды жою керек делінді. Ал, 14-бапқа сәйкес, прокуратура органдарымен тексеру материалдары бойынша қорытынды жасалады, соның негізінде өтініш берушіге ақтау туралы анықтама беріледі. 15-бап бойынша, азамат толық ақталған жағдайда, сот өтініш берушіге ақтау туралы анықтама береді. Осыған байланысты, заңда ақтау туралы анықтаманы тек сот беруі керек деп нақты жазу қажет деп санаймыз делінген (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 231-п.).

Саяси-қуғын сүргін құрбандарын ақтау туралы Заңның соңғы редакциясын алып қарайтын болсақ, 10-бапқа сәйкес тексеру материалдары бойынша прокуратура органдары қорытынды жасайды, соның негізінде өтініш берушіге ақтау туралы анықтама береді делінген. Ал енді, 15-бапқа сәйкес дәл солай, азамат толық ақталған жағдайда сот өтініш берушіге ақтау туралы анықтама береді деп жазылған. Бұдан, мәселенің ұсыныс күйінде қалғандығын, іс жүзінде ұсыныстар ескерілмегендігін көруге болады. Өз кезегінде Заңдағы бұндай нақсыздықтар репрессия құрбандарын ақтауда өз теріс әсерін беретіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Заң жобасының кіріспесі декларативті сипатта берілген (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 234-п.). Біздің ойымызша, құжаттың мәнін қандай да бір сезімге берілмей және тарихи шолулар жасамай, қысқаша баяндаумен шектелген жөн болар еді деген ұсыныс түскен секілді. Сонымен қатар, кейбір баптардағы сөздердің орналасу реттілігіне қатысты ескертпелер білдірілген.

Қазақстан Республикасының Президент және Министрлер кабинеті Аппаратының мемлекеттік-құқықтық бөлімі Заңның оң жақтарын көрсете отырып, келесідей ескертпелер мен ұсыныстар енгізді: Заң жобасында жаппай репрессияға ұшыраған адамдарды ақтаудың белгілі бір процедуралық тәртібі ұсынылған, алайда, біздің ойымызша, репрессия құрбандары мен басқа да мүдделі адамдар мен қоғамдық бірлестіктердің міндетті түрде өтініш беруі, біріншіден, жобаны жасаушылар басшылыққа алған гуманизм мен әділеттілік қағидаттарына қайшы келеді. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының жоғарыда Жарлығына сәйкес қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар өтініш беру түрінде ешқандай қосымша шарттарсыз қуғын-сүргіннің құрбандары болып табылады. Осы уақытқа дейін қайтыс болған репрессия құрбандарының көпшілігінің туыстары жоқ екенін ескеру қажет. Сонда заңды сұрақ туындайды: оларды оңалту қалай жүзеге асырылады? Осыған сүйене отырып, саяси қуғын-сүргін құрбандары мен олардан зардап шеккендерді оңалтудың ұсынылған тәртібі, біздің ойымызша, өзгерісті талап етеді. (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 235-238-пп.)

Осы тұста, Заңның соңғы редакциясын тағы қарастырайық. 8-бапқа сәйкес, «ақтау туралы өтінішті қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың өздері береді» деген тұсы әлі бар. Яғни, ұсыныс ескерілмеген және Заңда көрініс таппаған. Алайда, оның ескерілмеуінің де себебі бар деп түсінеміз. Аталған Заңның тек 1920-1950 жылдар аралығындағы репрессия құрбандарына ғана қолданылмайтындығын ескеру қажет. Яғни, Заңның 2-бабына сәйкес, 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына

қатысып, репрессияға ұшыраған адамдар да репрессия құрбандарына жатады.

Ақтау тәртібіне қатысты басқа да ескертулерді айтуға болады. Заң жобасында сот үкімімен қуғын-сүргінге ұшыраған адамдарға қатысты ақтаудың қандай да бір ерекше рәсімдік нысанының қажеті қанша? Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы қылмыстық істерді прокурорлық қадағалау тәртібімен қайта қарауды көздейді. Сол себепті, аталған адамдарды оңалтуды осы тәртіппен жүзеге асырған орынды деп санаймыз. Сонымен қатар, Заң жобасын құрастырушылар ұсынып отырғандай, сот шешімінің күшін прокуратура жоя алмайды. Қолданыстағы заңнамаға сүйене отырып, сот шешімінің күшін тек сот органдары ғана жоюға құқылы.

Заң жобасы негізінен мәтіндік мазмұны жағынан, әсіресе саяси қуғын-сүргін құрбандары мен олардан зардап шеккендерге өтемақы бөлігінде Ресей Федерациясының заңын қайталайды (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 235-237 пп.).

Оның себебі белгілі. «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Ресей Федерациясының заңы 1991 жылы 18 қазанда қабылданды. Араға бір жарым жыл салып Қазақстан да өз Заңын қабылдады. Архив деректеріне сүйенсек, Қазақстан Ресейден осы заңға және заңнан шығатын басқа да нормативтік актілерге сұрау салғанын байқауға болады. Жалпы әлемдік практикада жиі қолданылатын нәрсе. Дегенмен, құқық қолдану практикасын үлгі ретінде қабылдағанда ерекшеліктерді де ескерген жөн.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің берген мәліметтеріне сәйкес, 1992 жылғы жағдай бойынша, Қазақстан Республикасының территориясында 20 жылдардың басынан 1953 жылғы наурыз айына дейін 102 013 адам айыпталып репрессияға ұшыраған. 1992 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша, жоғарыда аталған кезең бойынша репрессияға ұшырағандардың 82 848-і ақталған (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 238-240 пп.).

ҚР Ұлттық архивіндегі тағы бір маңызды деректердің бірі, 1992 жылғы 15 қазандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күнін белгілеу туралы қаулы жобасы болып табылады. Бұл құжатқа сәйкес репрессия құрбандарын еске алу күні болып 30 қазан белгіленсін делінген (ҚРҰА 2-қ. 1-т. 79-іс. 161-п.). Саяси репрессия құрбандарын еске алу күні ретінде 30 қазанды белгілеудің де өзіндік себебі бар, ол тікелей Ресеймен байланысты болып келді. 1991 жылғы 18 қазандағы РСФСР Жоғарғы Кеңесінің №1763/1-І қаулысына сәйкес Ресейде Жыл сайын 30 қазанда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні атап өтіледі. Бұл күн 1974 жылы Еңбек лагерлерінің тұтқындары тұтқындарды ұстаудың адамгершілікке жатпайтын жағдайларына қоғамның назарын аудару үшін өткізген жаппай аштық жариялау құрметіне белгіленді. Қазақстан жерінде де Лагерлер бас басқармасының филиалы Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің орналасуы аталған күнді белгілеуге негіз болды деп есептейміз.

Бірақ, бұл қаулы жоба түрінде қалды. Себебі, бұдан бір жыл бұрын, әлі Кеңес өкіметі құламай тұрған кезде тағы бір атаулы күн белгіленген болатын. Айта кетер болсақ, 1991 жылғы 16 мамырдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «31 мамырды 1931-1932 жылдардағы ашаршылық салдарынан қаза тапқандарды еске алудың жыл сайынғы күні деп жариялау» қаулысы шықты.

1997 жылға дейін осы күн «1931-1932 жылдардағы ашаршылық салдарынан қаза тапқандарды еске алудың жыл сайынғы күні» аталып келді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі №3443 Жарлығына сәйкес, 1997 жылдың Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялануына байланысты, саяси қуғын-сүргін құрбандарын мәңгі есте қалдыру мақсатында «31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын Еске алу күні» деп белгіленді. Жарлықтың өзінде саяси-қуғын сүргін құрбандары деп көрсетілгенімен қазіргі таңда оған ашарашылық құрбандарын да қосып айту қалыптасқан. Себебі, 1991 жылғы 16

мамырдағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысына сәйкес «31 мамырды 1931-1932 жылдардағы ашаршылық салдарынан қаза тапқандарды еске алудың жыл сайынғы күні деп жариялау» туралы қаулысы заңдық күшін жоймаған болатын. Біртіндеп екі оқиғаны бірге атап өту дәстүрге айналды.

Екі тарихи оқиғаны бірге атап өтуге байланысты әртүрлі пікірлер бар, қоғамда аталған күндерді бөлу керек деген көзқарасты қолдайтын адамдар көп. Аталған мәселе әр жыл сайын 31 мамырда көтеріледі, көптеген тарихшылар мен қоғамтанушылар бөлу керек деген пікірді ұстанады. Осы тұста, қазақ халқы үшін аталған күннің маңыздылығын ескере отырып, ерекше мән-мағына беру, ұлт-зиялыларын мәңгі жадымызда қалдыру мақсатында, осы күнді Алаш көшбасшысы Әлихан Бөкейханның ату жазасына кесілген күнімен бекіту қажеттілігі сынды ой келеді.

1996 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің №3299 Жарлығына сәйкес, 1997 жыл Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланды.

ҚР Ұлттық архивтегі деректерге сүйенсек, жарлықта былай делінген:

Республика азаматтарының, қоғамдық бірлестіктері мен ұйымдарының көптеген өтініштерін ескере отырып, жалпыұлттық татулықты, қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту мақсатында қаулы етемін: 1. 1997 жыл Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялансын. 2. Қазақстан Республикасының Үкіметі: 1) Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөнінде комиссия құрып, саяси партиялардың, ұлттық мәдени орталықтардың, қоғамдық және діни бірлестіктердің өкілдеріне оның құрамына кіруді ұсынсын. Облыстардың әкімдеріне осындай комиссиялар құру тапсырылсын; 2) 1997 жылдың 15 қаңтарына дейін тиісті шаралар әзірлеп, оны Мемлекет басшысына табыс етсін, бұқаралық құралдарында оларды кеңінен және уақтылы жария етіп отыруды көздесін; 3) жалпыұлттық татулықты қамтамасыз етуге қоғамдық-саяси тұрақтылықты

нығайту, жеке адам мен мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарға ізгі сипат беру ісінде ерекше көзге түскен Республика азаматтарын мемлекеттік наградалармен наградтауға ұсыну жөніндегі жұмысты ұйымдастырсын; 4) саяси қуғын-сүргін құрбандарына жаңа ескерткіштер орнату және бұрын орнатылған ескерткіштерді, олардың жаппай жерленген орындарын тиісті күйге келтіру жөнінде шаралар қолдансын; 5) осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де қажетті шаралар қолданатын болсын. 3. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған тиын теңгелер шығаратын болсын. 4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Президенті (ҚРҰА 110-қ. 1-т. 17-іс. 1-2 пп.).

Осы Жарлық шыққаннан кейін елде конференциялар, дөңгелек үстелдер, жиындар ұйымдастырылды. Әр өңірлерде аталған жылды тиісті деңгейде өткізу мақсатында комиссиялар құрылды. Мемлекеттік наградалар табысталып, арнайы тиын теңгелер шығарылды және басқа да қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар өтті.

Аталған архивта Президенттің осы жарлығын жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы да бар. Қаулыда Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылын өткізу жөніндегі комиссия құрамын бекіту, іс-шаралар жоспарын мақұлдап, Президент бекітуіне ұсыну және облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне комиссия құру қаулы етілген (ҚРҰА 110-қ. 1-т. 17-іс. 5-9 пп.).

Іс-шаралар жоспарына сәйкес, 1997 жылы бұқаралық ақпарат құралдарында айдарлар ашу, телерадио, хабарлар циклын жүргізуді ұйымдастыру, дөңгелек үстелдер, конференциялар мен форумдар, үздік шығармалар конкурсын ұйымдастыру, бейнефильм түсіру және т.б. көптеген мемлекеттік, қоғамдық-бұқаралық іс-шаралар өткізу көзделген (ҚРҰА 4-қ. 1П-т. (жалғ.). 742-іс. 204-220 пп.). Шын мәнінде осы жылы көптеген шаралар өткізілді, ғылыми

монографиялар дайындалды, докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғала бастады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағат қорында Қазақстан Республикасының архив мекемелерінің азаматтарды ақтау жөніндегі екі томдық құжаттар тізімі сақталған. Сонымен қатар, 2020 жылғы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған саяси-қуғын сүргін құрбандарын жаппай ақтау комиссиясы жұмысының шеңберінде осы уақытқа дейін аса құпия белгісімен сақталып келген көптеген құжаттар құпиясыздандырылып, зерделеніп, ғылыми айналымға енгізілуде.

Қорытынды

Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің құжаттары саяси репрессия құрбандарын ақтау тарихында маңызды орын алатыны сөзсіз. Себебі Тәуелсіз Қазақстандағы тарихи оқиғалар туралы негізгі деректер осы архивта жинақталған. Қазіргі таңда жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы Мемлекеттік комиссияның жұмысы шеңберінде «аса құпия» белгісіндегі деректерді құпиясыздандыру архив деректерінің маңыздылығын арттырып отыр.

Сонымен қатар, аталған мәселеге қатысты мемлекет тарапынан жүйелі өзгерістер енгізілуі қажет. Ол үшін ең алдымен Заңнан бастаған жөн. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңына 372 көтерілістерді басу барысында сотсыз және тергеусіз атылған, сонымен қатар осы көтерілістерге қатысқаны және қолдағаны үшін соттық және соттан тыс репрессияларға ұшыраған саяси репрессиялар құрбандары кірмей қалған. Қудаланған адамдардың отбасы мүшелері, балалары туралы да ештеңе айтылмаған, олар да Кеңес өкіметі кезінде қудаланған еді.

Анықтап көрсетейік. Аталған Заңның 6 бабында: «Осы Заңның 5-бабында аталған, соттар негіздеп айыптаған, сондай-ақ сот емес органдардың шешімдерімен қылмыстық жазаға тартылған, істерінде мына төмендегі

жасаған қылмыстары жеткілікті дәлелденген адамдар ақталуға жатпайды: а) ...қарулы көтеріліс немесе қарулы бандылар құрамында Республика аумағына революцияға қарсы мақсатта басып кіру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа да күш көрсету әрекеттеріне; тіміскілік, терроризм актісі, бүлдіру әрекеттеріне қатысу; в) қарулы бандыларды ұйымдастыру және олар жасаған кісі өлтірулерге, басқа күштеу әрекеттеріне қатысу» деп көрсетілген. Осы бапқа өзгерістер енгізу мәселесін қазіргі уақытта еліміздің ғалымдары, журналистері, заңгерлері мен қоғам белсенділері көтеріп жүр.

Сондықтан да, жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы халықтың мүддесін қорғайтын жаңа Заң керек деп ойлаймыз. Кеңес өкіметі құлады, сталинизмді айыптайтын уақытқа жеттік. 1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы құрбандарды толық ақтай алмады, керісінше кейбір категориялар ақталмай қалды, нақты айтқанда, ақтау мәселесін толық шеше алмады. ҚР Президенті Қ. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» деген мақаласында айтқанындай: «Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды.

«Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Жаңа Заң саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық категорияларын ақтау қажет. Халық көтерілістерінде қарапайым адамдар саяси құқықтары мен діні, ділі үшін күресті. Оларды саяси және заңдық тұрғыдан ақтау керек.

Бұрынғы КСРО мемлекеттерінде, Ресейде 1920-1930 жылдардағы саяси оқиғалар туралы көптеген фильмдер түсірілді, ескерткіштер қойылды. Бізде де тоталитарлық жүйенің құрбандары дәріптеліп, қазақтың дәстүрлі шаруашылығының жойылуы кезінде күрескен боздақтар туралы айтылу керек деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- Абылхожин Ж. Б., Козыбаев М. К., Татимов М. Б. Казахстанская трагедия // Вопросы истории. - 1989. - № 7. - С. 53-71.
- Большой юридический энциклопедический словарь/Под ред. А.Б. Барихина. - М.: 2005. -817с.
- Весновская Г.Ф. Основные этапы реабилитации жертв политических репрессий: законодательство и практика пересмотра дел// Отечественные архивы. - 2004. - №3. – С. 28-32
- Год общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий // Депортированные в Казахстан народы: время и судьбы / Сост. Г.Анес. - Алматы: Арыс - Казакстан, 1998. - 414 с.
- Указ Президента Республики Казахстан от 20 марта 1994 года № 1612 «О мерах по упорядочению льгот и компенсационных выплат».- URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1002858
- Заключение комиссии ЦК Компартии Казахстана по изучению творческого наследия М.Жумабаева, А.Байтурсынова, Ж.Аймауытова // Казахстанская правда. - 1988. - 28 декабря.
- Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышление и поиски. -Алматы: Ғылым, 2000. -388 с.
- Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 2200 «Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы» Заңы URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1002858.
- Народ не безмолвствует - Алматы, 1996. – 273 с.
- Состояние работы над Книгами памяти жертв политических репрессий в России, Казахстане и Украине: Сборник материалов по проекту «Возвращенные имена» / Сост. В. М. Кириллов. - Нижний Тагил: 2002. - 138 с.
- Советский энциклопедический словарь / Под ред. С.М. Ковалева. - М.: 1979. - С.1132
- Спецпереселенцы в Карагандинской области. Сборник документов и материалов (Составители: Р.М. Жумашев, Л.В. Михеева). - Караганда: Изд-во. КарГУ, 2007. - 325с. с.241
- Хроника независимости Республики Казахстан: события и факты (1991-2011 годы). – Павлодар: Типография Сытина, 2011. – 764 с.

Адилхайр Е. Мырзаханов

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Вопросы реабилитации жертв политических репрессий на материалах Национального архива Республики Казахстан

Аннотация. Вопросы истории политических репрессий актуальная и злободневная тема, на фоне деятельности Государственной комиссии созданной по решению Президента Республики Казахстан К. Токаева. Актуальность предложенной автором темы несомненна с позиции обращения его к анализу этапов становления и начала реабилитационного процесса периода перестройки, архивной революции в СССР. Исследовательская цель заключается в анализе источников по истории реабилитации жертв политических репрессий, выявленных в фондах Национального архива Республики Казахстан. Обнаруженные автором архивные материалы раскрывают вопросы становления государственной политики реабилитации жертв политических репрессий на современном этапе развития Казахстана, а именно конец 80-х XX века – начало XXI века. Особое внимание уделено первому этапу реабилитации, начало которой было положено в 1988 году созданием Государственной комиссии по реабилитации жертв репрессий. Автор обратил внимание на правовое поле деятельности Государственной комиссии и на историю обсуждения проекта, принятия и введение в действие Закона «О реабилитации жертв массовых репрессий».

В целом, в статье представлены разные мероприятия в ходе реализации государственной политики по реабилитации жертв политических репрессий 20-30 гг. XX века. На основе архивных данных автором показан ход реабилитации жертв политических репрессий и статистические материалы.

Ключевые слова: репрессии; депортация; коллективизация; голод; гонения; политика; закон; реабилитация; архив; указ; государство; история.

Adilkhair E. Myrzakhanov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Issues of rehabilitation of victims of political repression in the materials of the National Archive of the Republic of Kazakhstan

Abstract. Questions of political repression history are an actual and topical topic, against the background of the activities of the State Commission established by the decision of the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokayev. The relevance of the topic proposed by the author is undeniable from the point of view of his appeal to the analysis of the stages of formation and the beginning of the rehabilitation process of the period of “perestroika”, the archival revolution in the USSR. The research objective is to analyze the sources on the history of rehabilitation of victims of political repression identified in the funds of the National Archive of the Republic of Kazakhstan. The archival materials discovered by the author reveal the issues of the formation of the state policy of rehabilitation of victims of political repression at the present stage of development of Kazakhstan, namely the end of the 80s of the twentieth century - the beginning of the XXI century. Special attention is paid to the first stage of rehabilitation, which began in 1988 with the creation of the State Commission for the Rehabilitation of Victims of Repression. The author paid attention to the legal field of activity of the State Commission and to the history of discussion of the draft, adoption and enactment of the Law «On Rehabilitation of victims of mass repression».

In general, the article presents various measures during the implementation of the state policy for the rehabilitation of victims of political repression in 20-30 years of XX century. Based on archival data, the author shows the course of rehabilitation of victims of political repression and statistical materials.

Keywords: repression; deportation; collectivization; famine; persecution; politics; law; rehabilitation; archive; decree; state; history.

References

Abylkhozhin zh. B., Kozybayev M. K., Tatimov M. B. Kazahstanskaya tragediya [Kazakh tragedy]. Voprosy istorii. 1989. No.7. P. 53-71. [in Russian].

Bolshoi yuridicheskii enciklopedicheskii slovari [Large legal encyclopedic dictionary] / Pod red. A.B. Barihina. (M., 2005,817p). [in Russian].

Vesnovskaya G. F. Osnovnye etapy reabilitatsii zhertv politicheskikh repressij: zakonodatel'stvo i praktika peresmotra del [The main stages of rehabilitation of political repression of the Earth: legislation and practice of retribution del]. Otechestvennyye arhivy. 2004. No.3. P. 28-32 [in Russian].

God obshchenacional'nogo soglasiya i pamyati zhertv politicheskikh repressij [The Year of public reconciliation and the days of political repression] 1998: 412-414. Deportirovannyye v Kazahstan narody: vremya i sud'by. (Almaty, 1998, 414 p.) [in Russian].

Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 20 marta 1994 goda № 1612 «O merah po uporyadocheniyu l'got i kompensatsionnyh vyplat» [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated March 20, 1994 No. 1612 on measures to regulate benefits and compensation payments], Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1002858 [in Russian].

Zaklyuchenie komissii CK Kompartii Kazahstana po izucheniyu tvorcheskogo naslediya [Conclusion of the Commission of the Central Committee of the Communist Party of Kazakhstan on the study of the creative heritage of M.Zhumabayev, A.Baitursynov, Zh.Aimauytova]. Kazahstanskaya Pravda. 1988. December 28. [in Russian].

Kozybayev M.K. Kazahstan na rubezhe vekov: razmyshlenie i poiski [Kazakhstan at the turn of the century: reflection and search]. (Almaty, 2000, 388). [in Russian].

Zakon Respubliki Kazahstan ot 14 aprelya 1993 goda N 2200 «o reabilitatsii zhertv massovykh politicheskikh repressij» [Law of the Republic of Kazakhstan No. 2200 of April 14, 1993 «on rehabilitation of victims of mass political repressions»] Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1002858. [in Russian].

Narod ne bezmolstvuet [The people are not silent]. (Almaty, 1996, 315p). [in Russian].

Sostoyanie raboty nad Knigami pamyati zhertv politicheskikh rep-ressij v Rossii, Kazahstane i Ukraine: Sbornik materialov po projektu «Vozvrashchennye imena» [The state of work on Books in memory of victims of political conflicts in Russia, Kazakhstan and Ukraine: A collection of materials on the project «Returned names»]. (Nizhny Tagil, 2002, 138p.) [in Russian].

Sovetskii enciklopedicheskii slovar [Soviet Encyclopedic Dictionary] / Pod red. S.M. Kovaleva. (M., 1979, 1132p.) [in Russian].

Specpereselency v Karagandinskoj oblasti. Sbornik dokumentov i materialov (Sostaviteli: R.M.ZHumashev, L.V. Miheeva) [Special settlers in the Karaganda region. Collection of documents and materials (Compiled by R.M.Zhumashev, L.V. Mikheeva)]. (Karaganda, 2007, 325p.) [in Russian].

Hornika nezavisimosti Respubliki Kazahstan: sobytiya i fakty (1991-2011 gody) [Chronicle of Independence of the Republic of Kazakhstan: events and facts (1991-2011)]. (Pavlodar, 2011, 764p.) [in Russian].

Мырзаханов Әділхайыр Ерзатұлы – 3 курс PhD докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Myrzakhanov Adilkhair Erzatovich – PhD Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan